

Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 14-14 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 қазандағы № 2023 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2017 жылғы 27 маусымдағы № 12-16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облыстық мәслихатының 27.06.2017 № 12-16 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 21 бабының 4) тармақшасына сәйкес облыстық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық Мәслихаттың өнеркәсіп салаларын, құрылысты, энергетиканы, көлікті, байланыс пен кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық Мәслихаттың
сессия төрағасы

Е. Досымбаев

Облыстық Мәслихаттың
хатшысы

Б.

Қарашолаков

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары – Қазақстан Республикасының
Өңірлік даму министрі

Б.Ә. Сағынтаев

3 қыркүйек 2013 жыл

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Мемлекеттік санитарлық-

эпидемиологиялық қадағалау

комитетінің Жамбыл облысы

бойынша департаменті" мемлекеттік

мекемесі басшысының міндетін атқарушы

Б.С. Шиналиев

6 қыркүйек 2013 жыл

Бесінші шақырылған
Жамбыл облыстық мәслихаттың
2013 жылғы 27 маусымдағы
№ 14-14 шешімімен бекітілген

**Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын
абаттандыру Қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Жамбыл облысының қалалар мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) абаттандыру саласында бірыңғай және орындалуы міндетті нормалар мен талаптарды белгілейді, Жамбыл облысының аумағындағы жер учаскелерінің, ғимараттардың, құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үшін қалалар мен елді мекендер аумақтарын тазалау және күтіп ұстау тәртібін анықтайды.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, облыс аумағын көріктендіру, санитарлық тазалау және күтіп ұстау жағдайына талаптарды анықтайтын Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері, құрылыстық және санитарлық ережелері мен нормалары негізінде әзірленген.

3. Аумақтарды көріктендіру және санитарлық күтіп ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру тиісті елді мекендер әкімдеріне, сәулет, қала құрылысы және құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мәселелерін қарастыратын қалалар мен аудандардың мемлекеттік мекемелеріне, кондоминиум объектісін басқару мақсатында құрылған көп пәтерлі тұрғын үйлердегі үй-жайлар (пәтерлер)

иелерінің коммерциялық емес бірлестіктері, қалалардың өзін-өзі басқару органдарына, ғимараттар, құрылыстар, жер телімі иелеріне және (немесе) жер пайдаланушыларға жүктеледі.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар мен түсініктер

4. Алаңның жаяужол бөлігі – жаяу жүргіншілер қозғалысына арналған алаң кеңістігі және учаскелер, алаңның барлық аумағы (өкілдік және мемориалдық) немесе оның бөлігі (объект маңындағы) арқылы көрсетілуі мүмкін.

5. Аумақты санитарлық тазалау – қатты тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемді қоқыстарды жинау, шығару және қайта өңдеу (зиянсыздардыру).

6. Бекітілген аумақ – аумаққа бекітілген субъектілердің келісімі бойынша, санитарлық күтіп ұстау жұмыстарын ұйымдастыру барысында қала немесе аудан әкімінің берген көріктендіру паспортында көрсетілген санитарлық тазалау мен жинауға қатысты жер учаскелері (аумақтарды көріктендіру паспортының үлгісі осы Қағидаларға қоса ұсынылады).

1) аумаққа бекітілген нысандар болып табылатындар: тағайындалған телім шекарасынан көше жағындағы аумақ, өтпе жол шетімен шектелген, ішкі кварталдық аумақтың учаскелері, аула ішілік аумақ - шағын сәулет түрлерін, балаларға арналған, кір жаятын, қоқыс жәшіктері орналасқан алаңшаларды, автокөлік тұрақтарын, декоративтік құрылыстарды, үйге кіреберіс жолдарды, аулаға кіреберіс жолдарды орнату үшін пайдаланылатын жерлер (бір аулада бірнеше жер пайдаланушылар болса, онда бекітілген аумақ шекаралары пайдаланылатын аумақ шекараларына сәйкес немесе тараптардың келісімі бойынша белгіленеді), сақтау мен жинақтауға уақытша пайдаланылатын аумақ, бөлінген және іргелес аумақ, инженерлік желілердің қорғалатын аймақтарының аумағы;

2) аумақтарды бекіту субъектілері жеке, сонымен қатар заңды тұлғалар болып табылады: кондоминиум объектісін басқару мақсатында құрылған көп пәтерлі тұрғын үйлердегі үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің коммерциялық емес ұйымдары, ғимараттар мен құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары; жер учаскелерінің иелері және (немесе) пайдаланушылары.

7. Көріктендіру паспорты – аумақтар бекітілген субъектілерге (бекітілген субъектінің келісімі бойынша) жеке және заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы мен орналасқан мекенжайы, басшының телефоны, тегі, аты, әкесінің аты, салық төлеушінің есеп нөмірі, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға арналған келісім шарттың болуы, қатты жабындылар, гүлзарлар аумағы, тағайындалған және бекітілген аумақтағы ағаштар, қылқанжапырақтылар саны, шағын сәулелер пішінінің болуы, аула тазалаушылар (адам саны) немесе

аумақты тазалауға арналған келісім шарттың болуы көрсетілген қалалар мен аудан әкімдіктерінің беретін құжаты. Егер паспортта көрсетілген мәліметтер өзгертілсе, заңды тұлғаның (жеке тұлға) басшысы қала немесе аудан әкімі аппаратын хабардар етеді де көріктендірудің жаңартылған паспортын алады.

8. Бөлінген аумақ – Қазақстан Республикасының жер заңнамасының тәртібімен белгіленген жеке және заңды тұлғаларға ұсынылған аумағының бөлігі.

9. Ғимараттың қасбеті – ғимараттың немесе құрылыстың сыртқы жағы.

10. Демалатын аумақтар – халықтың демалу орындарын ұйымдастыруға және жайластыруға арналған, саябақтар және гүлзарлар, су қоймалары, жағажайлар, ландшафт сәулет объектілері, сондай-ақ уақыт өткізетін және сауықтыру мақсатындағы басқа да орындарды қамтитын ортақ пайдалану орындары.

11. Жасыл көшеттер – жасанды және де табиғи текті ағаш, ағаш-бұта, бұта және шөп өсімдіктері.

12. Жаяужол аймақтар - серуен және мәдени-тұрмыстық, транзиттік қозғалыс мақсатында халықтың қозғалысы жүзеге асырылатын және белгілі - бір сипаттамалары: жылдам көшеден тыс және жер үсті қоғамдық көлік аялдамаларының болуы, қызмет көрсету, тарих және мәдениет ескерткіштері, демалыс объектілерінің көп шоғырлануы және жаяу жүргіншілер ағынының жоғары жиынтық жиілігі бар аумағының учаскелері. Жаяу жүретін аймақтар жаяу жүретін көшелерде, аудан алаңдарының жаяу жүретін бөліктерінде құрылуы мүмкін.

13. Жер учаскесінің иесі және (немесе) пайдаланушысы - облыс шегінде жер учаскесін пайдаланатын жеке және (немесе) заңды тұлға.

14. Жолдарды күтіп ұстау - жолдың, жол құрылыстарының, жолға бөлінген белдеулердің, жолды жайластыру элементтерінің көліктік-пайдалану жағдайын қолдау нәтижесінде қозғалыс қауіпсіздігі және ұйымдастыру жөніндегі жұмыстардың кешені.

15. Көгал – шөптер, гүлдер, ағаштар мен бұталарды көшеттеуді қамтитын көріктендірудің жасанды құрылған элементі.

16. Абаттандыру – жер үстін жабу құралдарын, декоративтік көгалдандыру және суландыру, күрделі емес құрылыстар, шағын сәулет түрлері, сыртқы жарықтандыру, көрнекі ақпарат, жарнама және басқа да құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын қалалар мен елді мекендердің қауіпсіздігін, ыңғайлылығын мен көркем мәнерлілігін қамтамасыз етуге бағытталған заңды және жеке тұлғалардың бөлінген және (немесе) бекітілген аумақтағы қызметі. Осы қызмет аумақты жинастыруды, көріктендіру нысандары мен элементтерін пайдалану, санитарлық ұстау, жөндеу және қорғауды ұйымдастыруды көздейді.

17. Көшелердің санаты - көшелер мен өтпе жолдарды көлік қозғалысының қарқындылығына және олардың пайдаланылуы мен күтіп ұсталуына қойылатын ерекшеліктерге байланысты жіктеу.

18. Қатты тұрмыстық қалдықтар – қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар.

Коммуналдық қалдықтар - елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен түзілу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары.

19. Қатты тұрмыстық қалдықтар мен ірі көлемді қоқыстарды қайта өңдеу (зиянсыздандыру) – адамның денсаулығы және қоршаған ортаға зиянды әсерді болдырмау мақсатында арнайы құрылыстарда түрлі технологиялық әдістер арқылы қатты тұрмыстық қалдықтар мен ірі көлемді қоқыстарды өңдеу.

20. Өтпе жол - тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және басқа да кент ішіндегі құрылыс объектілеріне көлік құралдарының өтуін қамтамасыз ететін жол элементі.

21. Пайдаланушы – меншік иесі өзінің мүлкін жалдау, жалға алу, шаруашылық жүргізу, жедел басқару және (немесе) заңнамамен немесе шартпен қарастырылған басқа да негіздерде тапсырған тұлға.

22. Рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісі - өндіріс және тұтыну қалдықтарының оларды өздігінен (рұқсат етілмей) тастау (орналастыру) немесе қаттау нәтижесіндегі қалдықтардың жиналуы.

23. Сұйық қалдықтар – сарқынды сулардан басқа сұйық түрдегі кез - келген қалдықтар.

24. Сыртқы жарнама және ақпарат құралдары – сыртқы жарнама мен ақпаратты тасымалдауға арналған құрылымдар, құрылыстар, техникалық құралдар, көркем элементтер мен тасымалдағыштар.

25. Сыртқы (көрнекі) жарнама - жылжымалы және жылжымайтын объектілерде орналастырылған, сондай-ақ ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеулеріндегі және елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырылған жарнама.

26. Сыртқы көріктендіру объектілері – кешенді көріктендіру қызметі жүзеге асырылатын кез келген аумақ: алаңшалар, аулалар, функционалдық-жоспарлық құрылымдар, қалалар мен аудандардың аумақтары аумақтары, сондай-ақ бірыңғай қала құрылысын регламенттеу (қорғалатын аймақтар) немесе көрнекі-кеңістіктік қабылдау (құрылысы бар алаң, іргелес аумағы және құрылысы бар көше) принципі бойынша бөлінетін аумақтар.

27. Жаяусоқпақ – жолдың жүру бөлігіне жанасатын немесе одан көгал немесе арық жүйесімен бөлінген, жаяу жүргіншілердің қозғалысына арналған жол элементі.

28. Шағын сәулет нысандары – декоративтік сипаттағы және пайдалануға жарамды сипаттағы объектілер: мүсіндер, фонтандар, оймабедерлер, гүлдерге арналған құмыралар, павильондар, шатырлар, орындықтар, жәшіктер, балалардың ойнауына және ересек адамдардың демалуына арналған жабдықтар мен құрылымдар. Шағын сәулет түрлеріне сонымен қоса: қоғамдық кеңістіктер, демалыс орындары және аулалар аумағында орналасқан демалуға арналған орындықтардың жазғы кафе, үстел ойындарына арналған алаңшаларындағы – орындықтар мен үстелдердің әр түрі жатады.

29. Іргелес аумақ – көріктендіру паспорттарына сәйкес бекітілген жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі және (немесе) пайдалануындағы сауда, жарнама және басқа объектілерге, ғимарат, құрылыс, құрылыс алаңының қоршауы периметріне және (немесе) жер учаскесінің шекарасына тікелей жанасатын жалпы пайдаланудағы аумақ.

30. Ірі көлемді қоқыстар - өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан, өздерінің көлемі бойынша арнаулы қоқыс жинайтын машиналармен тасымалдауға келмейтін қолданыстың және шаруашылық қызметінің қалдықтары.

31. Әлеуметтік жарнама – бұл қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғауға, жұртшылық мәселелеріне (салауатты өмір салты, денсаулық сақтау бойынша шаралар, тұрғындардың қауіпсіздігі, әлеуметтік қорғау, құқықбұзушылықтың алдын алу, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, мәдениет және өнерді дамыту, денсаулық сақтау, білім, мәдениет, спорт саласындағы мемлекеттік бағдарламалар немесе өзге де әлеуметтік сипаттағы оқиғалар (ісшаралар) жарнамасы) жеке және заңды тұлғалардың назарын аударуға бағытталған коммерциялық емес жарнаманың түрі.

32. Тұрақты сыртқы жарнама және ақпарат құралдары – бұл тұрақты орны бар (билбордтар, пилондар, стелалар, жарық диодты экрандар және өзге де жарнама объектілері) жарнамалық және ақпараттық хабарламаларды жеткізуші.

33. Сыртқы жарнаманың және ақпараттың асқын габаритті тұрақты құралдары – бұл ақпараттық алаңның 3 шаршы метр көлемдегі жарнамалық және ақпараттық хабарламаларды жеткізуші.

34. Уақытша сыртқы жарнама және ақпарат құралдары (штендерлер, көрсеткіштер) – бұл орналастыру уақыты бойынша шектеу шарттарымен қала аумағындағы анықталған учаскелерде орналастырылған жарнамалық және ақпараттық хабарламаларды жеткізуші.

35. Көлемді - кеңістікті құрылымдар – ақпаратты орналастыру үшін құрылымның көлемімен қатар оның беті де пайдаланылатын жарнама объектісі.

36. Билборд – іргетастан, тіректен және ақпараттық алаңнан тұратын ақпаратты орналастыру үшін ішкі беті бар жеке тұрған құрылым.

37. Жарнама стеласы – декоративтік қырлы қабырғалары бар жеке тұрған жарнама қондырғысы (әдетте қысаң және биік), жапсырма элементтері, шығыңқы жерлері болуы мүмкін.

38. Пилон – іргетас, тірек және ақпараттық алаңнан (жарық қорабы) тұратын, декоративтік қырлы қабырғаларымен ішкі жарығы бар жеке тұрған жарнама қондырғысы.

39. Пилларс – ішкі жарығымен жарнамалық бейнелерімен екі немесе үш тумба (үш қырлы тумба, домалақ тумба) көрінісіндегі жеке тұрған құрылым.

40. Призматрон – бұл көрнекі беті үш қырлы айналмалы призмадан тұратын, бір уақытта үш жарнамалық бейнені орналастыруға мүмкіндік беретін жарнама жеткізуші. Призматрондар билбордтарға, ғимараттарға және өзге де тұрақты объектілерге орнатылады.

41. Скроллер (роллерлі дисплей) – бұл роллерлі механизмнің көмегімен бейнелер рет-ретімен ауысып отыратын ішкі жарығы бар динамикалық жарнама жеткізуші. Скроллерлер билбордтарға, ғимараттарға және өзге де тұрақты объектілерге орнатылады.

42. Лайтбокс – кестелік және мәтіндік жарнамалық ақпараты бар, жарық тіректерінде, бағандарда, ғимарат қабырғаларында, павильондарда және өзге де объектілерде орналасқан жарық қорабы. Орналасуына байланысты бір немесе екі жақты болулары мүмкін.

43. Шатырлық қондырғылар – ғимараттың деңгейінен жоғары немесе шатырда жартылай немесе толық орналастырылған көлемді немесе жазықтық, жарық құрылымдары. Шатырлық құрылымдар бекіту элементтерінен, қондырғының тірек құрылымынан және ақпараттық қондырғыдан тұрады.

44. Транспарант - тартпа - өз тірегімен өз тірегіне бекіту құрылғысынан, керу құрылғысы мен ақпараттық бейнелерден тұратын жеке тұрған құрылым.

45. Брандмауэр – бұл қабырғаға түсірілген бейне (ақпараттық алаң) ретінде ғимараттардың және тұрғын үйлердің бітеу қабырғаларына орналастырылған ақпараттық панно; бекіту элементтерінен және ақпараттық алаңнан тұратын құрылым.

46. Штендер – бір немесе екі жағында жарнамалық ақпарат орналастырылған сыртқы жарнаманың (көшірмелі қалқан) мобильді (тасымалы) құрылымы.

47. Ту құрылымдары мен қалқалар – бір немесе бірнеше тутұғыр (тірек) және жұмсақ ендік негізінде құралған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері мен құралдары.

48. Көрме мен терезелерді рәсімдеу – сөре, терезелердің мөлдір беттерін рәсімдеу; ғимарат пен имараттардың сөре және терезелерінің шыныланған

аралықтарына орналастырылатын көлемді және жазықтықты объектілермен рәсімдеу (сөре ішінде - жарықтандыру, жарық элементтері, манекендер, өнімдер, тауарлар, сәндік және мерекелік рәсімдеу; шыныда үлдір түрінде);

49. Хабарландыру – бұл оқырманның, тыңдаушының назарын аудару мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында (газет, журнал, радио, телеарна, хабарландыру тақтасы) орналастырылған немесе жариялаған қандай да бір нәрсе туралы хабарлау, хабарлама (оның ішінде қағаз нұсқада).

50. Трельяждар және шпалерлер – шырмауық және тірек қажет ететін өсімдіктермен көгалдандыруға арналған тор түріндегі жеңіл ағаш немесе металл құрылым, тыныш демалыс бұрышын ұйымдастыру, күннен қорғану, алаңшаларды, техникалық қондырғыларды және құрылыстарды қоршау үшін пайдаланылады;

51. Перголдар – күрке, галерея немесе бастырма түріндегі ағаштан немесе металдан жасалған жеңіл тор тесікті құрылым, "жасыл тоннель" ретінде қолданылады, алаңшалар мен сәулет объектілері арасындағы өткел;

52. Гүл бақшалар, вазондар – гүл өсімдіктері отырғызылатын өсімдік топырағы бар кішігірім сыйымдылық.

3. Жалпы талаптар

53. Заңды және жеке тұлғалар мен барлық меншік түріндегі кәсіпорындар бөлінген және белгіленген аумақ шегінде сәулет, санитарлық, экологиялық талаптарға сәйкес өз қаражаттары есебінен тазарту, қажетті жайластыру, сондай-ақ көріктендіру объектілері мен элементтерін күту, күтіп ұстау және жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

54. Коммуникацияның барлық түрлеріне қызмет көрсететін шаруашылық субъектілер тиісті коммуникацияларды күтіп ұстауы және уақтылы жөндеуді жүргізуі, жөндеуден кейін бүлінген жабындар мен элементтерді қалпына келтіруі қажет.

55. Заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы жер заңнамаларының нормаларын сақтаған жағдайда, инженерлік коммуникацияларды төсеу, жөндеу және қайта жаңаруға байланысты жұмыстарды жол жабындарын, жаяусоқпақ, көгалдар және басқа да объектілер, көріктендірудің элементтері мен инженерлік құрылыстарды бүлдіру жолымен тек тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті орган берген жазбаша рұқсаты (ордері) болған кезде ғана жүргізе алады. Ордерге бүлінген жабындыларды қалпына келтіру және көріктендіру мерзімдері мен шарттары туралы талаптар қосылады. Жол жабындыларын, жаяусоқпақты, көгал алаңдарды, көріктендіру элементтері мен

инженерлік құрылыстарды бұлдіру жолымен инженерлік коммуникацияларды төсеу, жөндеу және қайта жаңғыртуға байланысты жұмыстардың орындалуына жұмысқа тапсырыс беруші жауапты.

56. Жеке және заңды тұлғаларға (жұмысқа тапсырыс беруші) рұқсат (ордер) алу үшін келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

- 1) Қағидаларының 2 қосымшасына сәйкес өтініш;
- 2) Қағидаларының 3 қосымшасына сәйкес екі данадағы жер жұмыстарының өндірісіне арналған ордерді берудің келісім шарт бланкілері;
- 3) Қағидаларының 4 қосымшасына сәйкес ордер бланкісі;
- 4) инженерлік коммуникациядағы ойым нүктесімен техникалық шарттардың көшірмесі;
- 5) мердігерлік жұмыстарға (мердігерлер тартылған жағдайда), сонымен қатар осы жұмыс түріне лицензиясы бар ұйымның егер асфальт бетон жабындысын бұзуы жоспарланса оны қалпына келтіруге арналған келісім шарт көшірмесі;
- 6) жол жабындарын, жаяусоқпақтарды, газондарды, көріктендіру элементтері мен инженерлік қондырғыларды бұзу арқылы мердігер ретінде тартылған ұйымның инженерлік коммуникацияларды төсеуге, жөндеуге және қайта жаңартуға байланысты жүргізетін жұмыстарына арналған лицензиясының көшірмесі;
- 7) заңды тұлғалар (тапсырыс беруші) үшін қосымша құрылтай құжаттарының көшірмелері ұсынылады;
- 8) жеке тұлғалар (тапсырыс беруші) үшін жеке сәйкестендіру нөмірімен жеке куәлік көшірмесін, мекенжай туралы анықтама қосымша тапсырады.

57. Жер қазу жұмыстарын (құрылыс, жөндеу) жүргізуге рұқсат (ордер) беруге жазылған өтініштердің қарастырылу мерзімі "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес белгіленеді.

58. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес ордерде бүлінген жерлерді қалпына келтіру және көріктендіру мерзімдері мен шарттары туралы талаптар көрсетіледі.

59. Қалпына келтіру жұмыстары аяқталғаннан кейін екі жыл ішінде орындалған жұмыстардың сапасыз жүргізілуінен қалпына келтірілген жерлер бұзылса немесе құлап қалса, заңды және жеке тұлғалар (жұмысқа тапсырыс берушілер) бұзылған жабындыларды қайтадан жөндеуі тиіс.

60. Заңды және жеке тұлғалар (тапсырыс беруші) ордердегі талаптарды орындамаса, уәкілетті органмен абаттандырудың элементтері бұзылған тексеріс актісі жасалып, әкімшілік сипаттағы шаралар қолдану үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органына жолданады, сонымен қатар сот тәртібімен ордер талаптарын мәжбүрлеп орындау бойынша шаралар қолданылады.

61. Жол жөндеу жұмыстарын жүргізетін заңды және жеке тұлғалар (жұмысқа тапсырыс берушілер) автожолдарда орналасқан жарамсыз болып қалған люктерді, нөсерлік кәріз торларын ауыстыру шараларын қабылдау, сондай-ақ, мүгедектер арбаларының, балалар арбаларының өтуі үшін жолдан өтетін жерлерде жаяу жүргіншілер жаяусоқпақынан түсетін ылдиларды және жаяу жүргіншілер қолайлылығы үшін жұмыс жүргізіліп жатқан телімде жайғастыру қажет.

62. Облыстың қалалары мен аудандарының аумағында:

1) көшелер мен (немесе) жүретін бөлікті шашыранды жүктерімен ластау мүмкіндігін жоятын, көлік құралдарын мұқият жабусыз тасымалдауға;

2) объект иесі және (немесе) пайдаланушының келісімінсіз және (немесе) осы мақсаттарға бөлінген жерлерден тыс жерлерде, сонымен қоса Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған белгіленген тәртіпте алынған рұқсатнамалар немесе келісімдерсіз хабарландыруларды, плакаттарды, үндеухаттарды, түрлі ақпараттық материалдарды орналастыруға, жазулар мен графикалық бейнелерді салуға;

3) автомобиль жолдарының жүру бөлігіне қоқыс, қозғалысқа қауіп келтіретін заттарды тастауға;

4) ғимараттардың, құрылыстардың және тұрғын үйлердің терезелерінен қоқыс лақтыруға;

5) арнайы бөлінген және тиісті жол белгілерімен және (немесе) таңбалармен белгіленген орындардан тыс белгіленбеген орындарда көлік құралдарын қоюға, жууға және орналастыруға;

6) көгал алаңдарда, гүлзарларда, балаларға және ойнауға арналған алаңшаларда түрлі мақсаттағы объектілерді орналастыруға, сонымен қоса автокөлік құралдарын қоюға;

7) тұрақ үшін арнайы бөлінген орындардан басқа тұратын жеріне қарамастан бөлшектенген көлік тұрағы, арнайы автокөліктің өтуіне кедергі келтіретін аула аумақтарының өтпешолдарында баған, блок және басқа да аумақ қоршауларын тұрғызуға және орнатуға жол берілмейді.

63. Кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болатын өндіріс қалдықтарын жинау және уақытша сақтау осы кәсіпорындардың күшімен бұл мақсаттарға арнайы жабдықталған орындарда белгіленіп, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру тәртібінде бекітілген лимиттерге сәйкес жүзеге асырылады.

64. Кәсіпорын аумағында қалдықтарды арнайы белгіленген орындардан тыс жинау және оларды орналастыру лимиттерін асыруға жол берілмейді.

65. Өсімдік және басқа да топырақты уақытша жинау тек қалалар мен аудандар әкімдерімен анықталып, арнайы бөлінген телімдерде ғана рұқсат етіледі.

4. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын жинастыруды және тазалауды ұйымдастыру, жинастырудың түрлері және негізгі талаптары

66. Өнеркәсіп кәсіпорындарының санитарлық - қорғау аймақтарындағы аумақтарын тазалауды осы кәсіпорындардың иелері және (немесе) пайдаланушылары жүзеге асырады.

67. Меншік нысанына тәуелсіз заңды және жеке тұлғалар осы Қағидаларға және абаттандыру паспорттарына сәйкес бөлінген аумақтың шекарасында тазалау, суару, жаяусоқпақтарға құм себу, қар және қоқыс шығару, суағарларды және сорғытқыларды тазарту жұмыстарын орындауы қажет.

68. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын ағымдағы санитарлық күтіп ұстау және тазалау, залалсыздандыру және (немесе) көму орындары бар қоқыс шығаруға мамандандырылған жеке және заңды тұлғалар арқылы жүзеге асырылады және келесі шаралар жүргізілуі қамтамасыз етілуін көздейді:

1) қалалар мен елді мекендер аумағындағы қоқыстарды, қалдықтарды жинау және оларды уақтылы шығаруды ұйымдастыру;

2) қалалар мен елді мекендердегі тиісті санитарлық жайластыру: тұтыну қалдықтарын жинауға арналған алаңшаларды жоспарлы-тұрақты, ағымдағы тазарту, қалдықтарға арналған қоқыс жәшіктерінің (оларды жинау тікелей арнайы автомобильдер арқылы ұйымдастырылған жағдайларды қоспағанда) болуы, нормативтік талаптарға сәйкес қоқыс жәшіктерін ортақ пайдаланудағы орындарға орнату;

3) қалалар мен елді мекендер аумағын тазалау, суару, қоқыстарды жинау, қысқы мезгілде – қарды жинау және шығару, көшелердің жүретін жолдарын және жаяу жүргіншілер жаяусоқпақтарын тайғаққа қарсы қоспалармен өңдеу, тұтыну қалдықтарын белгіленген орындарға шығару және көму, өзендерді, бұлақтарды, арналарды, тартпаларды, нөсерлік кәріздерді және су өткізетін құрылғыларды қоқыстан тазарту;

4) санитарлық қорғау аймақтарының нормативтік шегіндегі аумақты жүйелі түрде күтіп ұстау жұмыстары.

Ескерту. 68-тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 25.06.2015 № 38-15 шешімімен (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

69. Елді мекендердің аумағын санитарлық тазалау жүйесі мамандандырылған ұйымдармен тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жинау, жою, залалсыздандыру және қайта өңдеуді көздеуі тиіс.

70. Жанадан салынатын учаскелерде ғимаратты пайдалануға енгізетін кезге тазалау жұмыстары ұйымдастырылуы қажет.

71. Ғимараттар мен құрылыстардың, жеке тұрғын құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары тұрмыстық қалдықтарды шығаруға уақтылы шарт жасаулары тиіс.

72. Кондоминиум объектісін басқару мақсатында құрылған көп пәтерлі тұрғын үйлердегі тұрғын жайлардың (пәтерлердің) иелерінің коммерциялық емес бірлестіктері тиіс:

1) қоқыс жинағыштар үшін алаңшаларды жабдықтауы;

2) азық-түліктік қалдықтарды, көшелік және аулалық қоқыстарды жинауға арналған құрал-саймандармен аула сыпырушыларды қамтамасыз етуі;

3) қоқыс қабылдаушы камераларды, алаңшаларды, сондай-ақ қалдық жинаушы орындарды жүйелі жуу, залалсыздандыру және дәрілеуді қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдауы қажет.

73. Аумақты тазалауды жүзеге асыратын ұйымдар мен кәсіпорындар, тұрғын үйлердің, ұйымдардың, мекемелердің аумағынан қатты және сұйық қалдықтарды уақтылы (шарттарға сәйкес) шығаруы қажет.

5. Аумақтарды күзгі-қысқы кезеңде тазалау

74. Күзгі-қысқы тазалау кезеңі 1 қарашадан бастап 1 сәуірге дейін белгіленеді. Ауа-райы жағдайларының күрт өзгеруі жағдайында (қар, аяз) күзгі-қысқы тазалауды бастау және аяқтау мерзімін тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі түзетеді.

75. Жапырақ түсетін кезеңде түскен жапырақтарды уақтылы жинау қажет. Жиналған жапырақтар абаттандыру бойынша кәсіпорындармен арнайы бөлінген телімдерге немесе компостерлеу алаңдарына шығарылуы тиіс.

76. Тұрғын құрылыс аумағында, скверлер мен саябақтарда, қатты тұрмыстық қалдықтар үшін контейнерлерде жапырақтарды өртеуге жол берілмейді.

77. Жапырақтарды ағаштар мен бұталардың тамыр бөлігіне жинауға, сондай-ақ, оларды қоқыс жинайтын алаңшаларда және қоқыс жинайтын контейнерлерде жинақтауға жол берілмейді.

78. Қысқы кезеңде жолдар, бақ орындықтары, қоқыс салатын жәшіктер және шағын сәулет формаларының элементтері, сондай-ақ олардың алдындағы және бүйірлеріндегі кеңістік, оларға кіреберіс жолдар қар мен мұздақтардан тазартылуы керек.

79. Саябақтардағы, орман саябақтарындағы, бақтардағы, скверлердегі, бульварлардағы, аллеялардағы жолдарды тазалау кезінде жасыл желектердің жойылмауын және еріген суды қайтаруды қамтамасыз ету шартымен құрамында химиялық реагенттері жоқ қарды уақытша жинауға бұл мақсаттар үшін алдын ала дайындалған алаңдарға жинауға рұқсат беріледі.

80. Инженерлік желілерде болған апаттан пайда болған жаяусоқпақ пен жолдың жүру бөлігіндегі мұзды, желі иелері және (немесе) пайдаланушылары уатып жинайды.

81. Жол берілмейді:

1) тораптардың, көшелердің жүру бөлігіне және өтпе жолдарға, жаяусоқпақтармен, көгал алаңдарға және жасыл көшеттерге квартал ішіндегі жолдардан, аула аумақтарынан, кәсіпорындар, ұйымдар, құрылыс алаңдарынан, сауда объектілерінен жиналған қарды жылжытуға немесе орнын ауыстыруға;

2) жаяусоқпақтарда, жолаушылар көлігі аялдамасының отырғызу алаңқайларында, саябақтарда, скверлерде, аулаларда және басқа жаяу жолдар мен көгалдандырылған аймақтарында көктайғаққа қарсы реагент ретінде сұйық хлорлы кальций пайдалануға;

3) көгал алаңдарға, гүлзарларға, егілген жас ағаштарға лас араласқан қарды, сонымен қатар мұз үйінділерін роторлық лақтыруға және орынын ауыстыруға.

Ескерту. 81-тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 25.06.2015 № 38-15 шешімімен (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

82. Метеорологиялық қызметтерден күні бұрын жалпы тайғақ болатыны туралы ескерту алған жағдайда, эстакадалардың, көпір құрылыстарының жүру бөлігін өңдеу жұмыстары қар жаумай тұрып жүргізіледі.

83. Жолдың шетінде қар үйінділері қалыптасқан жағдайда жаяусоқпақ пен көгал алаңдарға қардың орынын ауыстыруға жол берілмейді.

84. Аулаларға кіреберіс, шығу жолдары, квартал ішіндегі өтпе жолдар жүру бөлігінің шетінен бастап механикалық күреу мен сыпырудан кейін бірінші кезекте тазартылуы тиіс.

85. Көшелерден және өтпе жолдардан қарды шығару екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) жолаушыла көлігі аялдмалардағы, жер үстілік жаяу өтпе жолдардағы, көпірлердегі және жол өткелдеріндегі, көпшілік баратын орындардағы (ірі әмбебап дүкендер, базарлар, қонақ үйлер, вокзалдар, театрлар), ауруханалардың аумағына және басқа әлеуметтік маңызды объектілердің кіреберіс жолдарда бірінші кезекте (таңдаулы) қарды шығару қар жауғаннан кейін 48 сағат ішінде жүзеге асырылады;

2) соңғы (жаппай) қарды шығару бірінші кезекті шығару аяқталғаннан кейін кезекпен, тапсырыс беруші анықтаған кезектілікке сәйкес шығарылады.

86. Қар тастайтын орындарды қалалар және аудандардың жергілікті атқарушы органдары анықтайды.

Қарды уақытша жинайтын орындар қар ерігеннен кейін қоқыстан тазаланып, көріктендірілуі тиіс.

87. Жаяусоқпақ, аула аумақтары және өтпе жол қар мен мұздақтан асфальтқа дейін тазартылуы қажет. Мұздақ (көктайғақ) пайда болған жағдайда құм немесе ұсақ қиыршық таспен өңдеу жүргізіледі.

88. Аулалар аумақтарынан және квартал ішіндегі өтпе жолдардан тазаланған қарды, аулалар аумақтарындағы автокөліктердің еркін жүруіне және жаяу жүргіншілердің қозғалысына кедергі жасамайтын (жаяусоқпақтар, көгал алаңдар және жасыл көшеттерді қоспағанда) орындарда жинауға рұқсат етіледі.

89. Қар жинау кезінде жасыл көшеттерге зақым келтіруге жол берілмейді.

90. Аула ішілік аумақтарға қарды үйгенде еріген қар суының ағуын алдын ала ескеру керек.

91. Қыс мезгілінде үй, ғимарат және құрылыс иелері және (немесе) пайдаланушылары шатырларды мұздан және сүңгілерден уақытылы тазарту жұмыстарын ұйымдастыруы қажет.

92. Ғимараттың жаяу жүргіншілер аймағына шығатын жақтарындағы шатырын тазарту жұмыстары қар жауғаннан кейін жедел түрде қатерлі учаскелерге қоршау орнату арқылы жүргізілуі керек.

93. Көше жағына қараған шатырлардан қар мен мұздан жаяусоқпақтарға түсіріп тазарту жұмыстары тек күндізгі уақытта жүргізілуі қажет. Шатырдың басқа құламасынан, сондай-ақ жазық шатырлардан қар ауланың ішкі аумағына түсірілу керек. Мұздарды түсірер алдында жаяу жүргіншілердің қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жасау қажет.

Ғимараттардың (құрылыстардың және құрылғылардың) шатырларынан түскен қарлар, мұздар мен сүңгілер жедел түрде жүретін бөліктің шет жағына қарай көшенің жүретін бөлігін тазалаушы ұйымдар кейінірек шығаруы үшін орналастырылады.

94. Су ағатын құбырлардың шұңғымаларына қар, мұз және қоқыстарды тастауға жол берілмейді.

6. Аумақтарды көктем - жаз кезеңінде тазалау

95. Көктемгі-жазғы тазалау кезеңі 1 сәуірден бастап 1 қарашаға дейін белгіленеді. Ауа райы жағдайлары күрт өзгерген жағдайда жазғы тазалау мерзімдері өзгеруі мүмкін.

96. Аула аумақтарын, аула ішіндегі өтпе жолдарды және жаяусокпақтарды қоқыстан, шаңнан және ұсақ тұрмыстық қалдықтардан тазалау, оларды жуу, сонымен қатар күні бойы тазалықты сақтауды аумаққа тағайындалған және (немесе) бекітілген субъектілер қамтамасыз етеді.

97. Аулалар аумақтарын құбыршек арқылы жуу және суару үшін суару шүмектері әрбір иеліктегі үйлерде жабдықталып, жарамды күйде ұсталуы тиіс.

98. Күрделі емес құрылыс объектілерінің иелері және (немесе) пайдаланушылары (автотұрақтар, бокстық гараждар, ангарлар, қоймалық қосалқы құрылыстар, ғимараттар, сауда және қызмет көрсету объектілері) бекітілген аумақты санитарлық тазалау және тазарту бойынша мамандандырылған кәсіпорындармен шарт жасасуға не оны өз бетінше күн сайын жүргізуі тиіс.

99. Металл қоршаулары, жол белгілері және жол көрсеткіштері таза ұсталуы тиіс.

100. Қала және аудан жолдарына бөлінген белдеудің жиектеріндегі, сонымен қатар, көгал алаңдары ретінде орналастырылған бөлу жолағындағы шөп жабындарының биіктігі 15 сантиметрден аспауы тиіс. Белдеуді әр түрлі қоқыстармен және қалдықтармен ластауға жол берілмейді.

7. Қасбеттерді, ғимарат пен құрылыстарды күтіп ұстау

101. Қаптаманың, сылақтың, фактуралық және боямалы қабаттардың бүлінуі, сылақтағы сызаттар, қаптама, кірпіш және шағын блок төсеменің жіктерінен ерітіндінің боялуы, тұтас жинамалы ғимараттардың жіктеріндегі герметикалық сылақтың бүлінуі, қабырғалардың шығыңқы бөліктеріндегі металл жабынның бүлінуі немесе тозуы, су ағар құбырлардың бүлінуі, дымқыл және тот басқан орындар, су аққан және тұздалған жерлер, үстіңгі қабаттың жалпы ластануы, жақтаулардың бүлінуі және осыған ұқсас басқа да бүлінулер анықталуына байланысты, одан әрі дамуына жол берілмей, оларды ғимарат және (немесе) құрылыс иелері және (немесе) пайдаланушылар жоюы қажет.

102. Егер заңды немесе жеке тұлғалардың меншігінде, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқаруында, басқа да пайдалануда тұрғын емес немесе тұрғын ғимараттарда жеке жайлар болған жағдайда, осы тұлғалар алатын алаңына пропорцияда аталған ғимараттардың қасбеттерін жөндеуге үлесін қосуға қатысады.

103. Ғимараттардың қасбеттерін және олардың жекелеген элементтерін қалпына келтіру, жөндеу және қайта жасау жұмыстары белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізілуі қажет. Қасбеттерде орнатылған ақпараттық кестелер, ескерткіш тақтайшалар таза және дұрыс жағдайда болуы қажет.

104. Кіреберістерді, жертөлелерді, көрмелерді, маңдайшаларды, сыртқы жарнама орналастыру құралдарын ғимарат пен (немесе) құрылыстың иелері және (немесе) пайдаланушылары таза және дұрыс жағдайда ұстауы қажет.

105. Жол берілмейді:

1) балкондар мен лоджияларды өздігінен қайта жабдықтауға, терезелер мен балкондардың сыртқы жағына гүлге арналған жәшіктерді орнатуға;

2) белгіленген тәртіпте берілген рұқсатсыз ғимараттардың қасбеттерін, олардың құрылымдық элементтерін өздігінен қайта жабдықтауға;

3) алдын ала сәулеттік бөліктерді қалпына келтірмей ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттеріне сырлау жұмыстарын жүргізуге.

106. Қабырғаға бекітілген барлық болат элементтерді жүйелі түрде бояп, тот басудан сақтау қажет. Барлық құбырлардың қабырғалар мен фундамент арқылы өтетін орындарында ашық орындардың болуына жол берілмейді. Коммуникациялар арқылы өтетін көпіршелер, ғимарат және (немесе) құрылыс иелері және (немесе) пайдаланушыларымен дұрыс және таза күйде болуы қажет.

107. Меншігінде ғимараттар мен құрылыстар бар кәсіпорындардың және ұйымдардың басшылары, ғимараттар мен құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары көрсетілген объектілердің қасбеттерін күтіп ұстауға, аталған нысандарға және олардың жекелеген элементтеріне (балкондар, лоджиялар, су ағатын құбырлар) қалпына келтіру, жөндеу және сырлау жұмыстарын уақытында жүргізуді, сонымен қатар қасбеттерде орнатылған ақпараттық, ескерткіш тақтайшалардың тазалығын және дұрыс жағдайда болуын қамтамасыз етуге тиісті.

108. Дүкендер мен офистердің, орталық көшелерге алдыңғы жағымен шығатын көрмелері жарықпен безендірілуі тиіс.

109. Ғимараттар мен құрылыстардың түстік шешімі, сондай-ақ олардың қасбеттері құрылысты есепке ала отырып, бірыңғай түстік гаммада орындалуы қажет.

8. Тұрғын мақсаттағы аумақты абаттандыру

110. Тұрғын ғимаратқа іргелес аумақ абаттандырылуы, көгалдандырылуы, жарықтандырылуы, қоршалуы қажет, кіре беріс жолдары және жаяу жолдардың қатты жабыны болуы қажет.

111. Объектілердің құрылыстан және жолдардан бос аумағы абаттандырылуы және көгалдандырылуы қажет.

112. Ортақ пайдаланудағы көгалдандырылған аумақтар абаттандырылуы және шағын сәулет түрлерімен: субұрқақтар және қауыздар, сатылар, пандустар, тірек қабырғаларымен, шатырлармен, шамдармен жабдыкталуы қажет.

Шамдардың саны аумақты жарықтандыру нормалары бойынша анықталуы қажет

113. Тұрғын кварталдар, ықшам аудандар аумақтарында, сондай-ақ үй маңындағы аумақта келесі тәртіп сақталуы қажет:

1) көпірше, жаяусоқпақтар, жаяу жолдар, квартал ішіндегі өтпе жолдар мен жолдарды дұрыс қалпында ұстау;

2) аулаларда түрлі шаруашылық және қосалқы құрылыстарды (гараждар, сарайлар, қоймалар) өздігінен салуға жол бермеу;

3) үй маңындағы аумақтарға құрылыс материалдарын үйіп тастауға жол бермеу;

4) баланстағы (шаруашылық жүргізудегі немесе жедел және (немесе) басқа басқарудағы) инженерлік желілерді дұрыс жағдайда ұстау, құдықтарды уақтылы қарау және тазалау;

5) шағын сәулет түрлерін, спортқа, ойынға, балаларға арналған алаңшаларының және шаруашылық алаңшаларының жабдықтарын, қоршаулар мен шарбақтарды дұрыс жағдайда ұстау, олардың сыртқы түрін таза ұстау.

6) ішкі аулалардың жолдарын жедел жәрдем және өрт сөндіру көліктерінің жүруіне кедергі болатындай етіп қалқаламау.

9. Қалалар мен елді мекендердің аумағын жарықтандыру

114. Қалалар мен елді мекендердегі аумақтарды жарықтандыру пайдаланушы ұйымдармен ұсталып, сыртқы жарықтандыру қондырғыларымен қамтамасыз етіледі, оларға мыналар:

1) электрмен жабдықтау құрылғылары, таратушы желілер;

2) электр желілерін қорғау және жерлендіру құрылғысы;

3) басқару құрылғылары;

4) кронштейндер, тростық аспа тіректері жатады.

115. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын күтіп ұстау және қызмет көрсету келесі шараларды қамтиды:

1) шамдарды тазалау, жарық түсіру деңгейін өлшеу, шамдарды ауыстыру және шамдардағы істен шыққан шашыратқыштарды ауыстыруды қоса есептегенде, ондағы сандық және сапалық көрсеткіштер берілген параметрге сәйкес келуімен сыртқы жарықтандыру қондырғыларын техникалық дұрыс жағдайда ұстау;

2) сыртқы жарықтандыру қондырғылары жұмысының регламенттелген тәртібін қамтамасыз ету, кесте бойынша уақтылы қосу және сөндіруді бақылау, жанбайтын шамдарды, ақауларды анықтау, оларды жедел жою.

116. Металл тіректер, кронштейндер және сыртқы жарықтандыру қондырғыларының элементтері жабу жағдайына қарай боялады.

117. Жарықтандыру тіректерінде, инженерлік желілерде олардың иелерімен және (немесе) пайдаланушыларымен келісімсіз жарнамалық қалқандар орнатуға жол берілмейді.

118. Кесте бойынша көшелердің, жолдардың, аландардың жаяусоқпақ бөліктерінің, жағалаулардың және жарықтандырылатын объектілердің сыртқы жарығын қосу табиғи жарықтың көлемінің азаюы кезінде кешкі ымырт кезінде 20 люкске дейін, ал сәнуі – таңертеңгі күнгіртте 10 люкске дейін артқанда беріледі.

119. Көшелердегі жанбайтын шамдар 10 пайыз аспауы қажет, алайда істен шыққан шамдардың бірінен кейін бірі қатар орналасуына жол берілмейді.

120. Металл бағаналар, кронштейндер мен сыртқы жарық және байланыс желілерінің құрылғыларының элементтері таза, тот баспай ұсталып, сырлануы қажет. Жанып кеткен шамдарды ауыстыруды тиісті қызметтер оны анықтағаннан кейін 24 сағаттың ішінде ауыстыруы тиіс.

121. Пайдаланудан шыққан құрамында сынап бар газ санатындағы шамдар - доқалы сынапты шам, металлдық сынаптық йодидтары бар доқалы шам, доқалы натрийлі, люминесцентті шамдарды сақтайтын арнайы орындарда сақталып, одан әрі қайта өңделуі үшін арнайы кәсіпорындарға жеткізілуі қажет. Аталған шамдар түрлерін қатты тұрмыстық қалдықтар полигон аумағына шығаруға жол берілмейді.

122. Жарық және электрлі көліктердің байланыс желілерінің құлаған бағаналарын негізгі магистральдарда кешіктірілмей бағана иесі және (немесе) пайдаланушы шығарады, басқа аумақтарда, сондай-ақ бұзылған бағаналар – 12 сағат ішінде шығарылады.

10. Ортақ пайдаланудағы, демалу мақсатындағы аумақты көріктендіру

123. Саябақтар, скверлер, бульварлар, су қоймалары, жағажайлар, соның ішінде оларда орналасқан жаяусоқпақ, жаяусоқпақ аймақтары, сатылық құрылымдарды қамтитын ортақ пайдалану аумақтарын тазалауды осы объектілерге қызмет көрсететін және пайдаланатын ұйымдар мен аумақ бекітілген субъектілерімен жүзеге асырылады.

124. Ландшафт демалу аумақтарының шегіндегі алаңшалардың, жол-соқпақ желілерінің жабынына тақташаларды, ұсақ тастан және басқа да берік минералды материалдарды, ерекше жағдайларда асфальт жабыны қолданылуы қажет.

125. Тоғандар мен басқа да су қоймаларының жағажай жолақтары абаттандырылуы қажет. Су қоймаларының сыртқы сулармен ластануын жоятын шараларды қарастыру қажет.

126. Алаңдарда, саябақтарда, скверлерде, демалыс аймақтарында, халық көп баратын жерлерде, көшелерде, тұрғын үйлердің әрбір кіре берісінің алдында, әкімшілік, қызметтік ғимараттар, сауда объектілеріне кіре берісте, қоғамдық көлік күту аялдамаларында қоқыс салатын жәшіктер орналасуы қажет.

127. Қоқыс салатын жәшіктер олардың толуына қарай тазартылады. Қоқыс салатын жәшіктер олардың ластануына қарай, бірақ аптасына бір реттен аз емес мөлшерде жуылады. Қоғамдық көлік күту аялдамаларында орналасқан қоқыс салатын жәшіктерді аялдаманы тазалауды жүзеге асыратын ұйымдар жуып, тазалайды, ал басқа объектілердің маңында орналасқан қоқыс салатын жәшіктерді көрсетілген объектілердің иелері және (немесе) пайдаланушылары жуып, тазалайды.

Қоқыс салатын жәшіктерді бояуды иелері және (немесе) пайдаланушылары жылына бір рет (сәуір), сондай-ақ қажеттілігіне қарай немесе сәйкес қызметтердің ұйғарымы бойынша жүзеге асырады.

128. Көшелер, алаңдар, жағажайлар, саябақтар, гүлзарлар мен аулаларды ластауға жол берілмейді.

129. Жағажай аумағында ауыз су жеткізілген фонтандар орналасуы қажет. Фонтандардың ағыны жағажайдың жасыл көшеттерін суаруға қолданылуы мүмкін, оларды ағын су қоймаларына жағажай шекарасы бойынша өзен ағысынан 100 метр төмен қашықтықта бұруға болады. Ауыз су ішетін фонтандардан суды осы мақсаттарға белгіленбеген орындарға бұруға жол берілмейді.

130. Ауыз су ішетін фонтандар үлгілік немесе арнайы әзірленген жоба бойынша дайындалған болуы мүмкін, олар демалу аймақтарында орналастырылады, сонымен бірге спорттық алаңшаларда орналастыру ұсынылады. Ауыз су ішетін фонтан орналасқан орын және оған кіре беріс жер жабынның қатты түрімен жабықталуы қажет, биіктігі ересек адамдар үшін 90 сантиметрден аспауы, балалар үшін 70 сантиметрден аспауы қажет. Ауыз су ішетін фонтандардың кем дегенде біреуі демалыс аймақтарында мүгедектер үшін қол жетімді болуы қажет.

131. Ашық және жабық түрдегі киім ауыстыратын орындар, гардеробтар Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат берілген залалсыздандыратын ертінділерді қолдана отырып, күн сайын жуылуы керек.

132. Жағажайға жыл сайын таза құм немесе малтатас төгілуі қажет.

133. Қоғамдық дәретханалар демалушылар көп жиналатын орындардан және адамдардың келуі 50 метр қашықтықтан жақын емес, 500 адамға бір орын есебінен орнатылуы тиіс.

Жағажай аумағында орналасқан қоғамдық дәретханалар шомылатын жерден кем дегенде 50 метр және 200 метрден аспайтын арақашықтықта жабдықталуы тиіс.

134. Қоғамдық дәретханаларды елді мекендердің келесі жерлерінде орналастыру қажет:

1) алаңдарда, көлік магистральдарда, пристаньдарда, жаяу жүргіншілер қозғалысы көп көшелерде;

2) вокзалдар, теміржол станциялар, автостанциялар және автовокзалдар жанындағы алаңдарда;

3) қала сыртындағы және қала ішіндегі саябақтарда, скверлерде, бульварларда, жағажайларда, көрмелерде, стадиондарда, адамдардың жаппай демалыс орындарында;

4) сауда орталықтары, базарлар аумақтарында.

135. Елді мекен аумағындағы бұлақтар су сапасы мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының оң қорытындысына сәйкес қатты жабынды түрімен тәсіл мен аумақта бұлақ суын алуға арналған құралмен (науа, құбыр, су ағатын құралдың басқа түрі), су жинайтын тостаған, су бұру жүйесімен жабдықталуы қажет. Маңызды күзетілетін табиғат кешенінің аумағында жоғарыда аталған қорытындысыз бұлақты жабдықтау үшін қоршаған ортаны қорғайтын өкілетті органның рұқсатнамасы талап етіледі.

11. Қалалар мен елді мекендердегі көркем безендіру, шағын сәулет нысандары

136. Шығармашылық рәсімдеудің құралдары, сыртқы жарнама және ақпараттар құралдары таза күтіп ұсталуы, ретке келтірілген және белгіленген тәртіпте орналастырылуы, қаланың эстетикалық бейнесін бұзбауы қажет.

137. Сәулет-қала құрылыстық жағдайы өзімен тиісті сәулет-кеңістік ортаны және аумақты және құрылысты уақыттың белгілі кезеңінде пайдалану жағдайларын қалыптастыратын нақты аумақтардың элементтерінің сапа жиынтығын (құрылыс салу, табиғи ландшафт, жер учаскелері, көше-жол желісі, инженерлік жағдай жасау және тағы басқа) қарастырады.

138. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде пайдаланылатын материалдар (құралдар) және рәсімделуі экологиялық және санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік нормаларына, аймақтың табиғи-климаттық жағдайына сәйкес заманауи сапа, қауіпсіздік және экология талаптарына сай болуы қажет.

139. Сыртқы жарнаманың және ақпараттардың жеке тұрған стационарлық құралдарын орналастыру қала аумағының нақты сәулет-құрылыстық жағдайларымен анықталады. Әр көше бойынша тиісті қызметтермен келісілген жобалық материалдарғы сәйкес, жарнама құралдарының бірыңғай түрі, ақпараттық алаң көлемі белгіленеді. Бұл ретте жоғары ауқымды конструкциялар арасының аралығы облыстық орталықтарда 100 метрден кем және басқа қалаларды және елді мекендерде 50 метрден кем болмауы қажет.

140. Жеке тұрған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін монтаждау кезінде конструкцияның іргетасы жер деңгейі белгісінің деңгейінде немесе одан төмен орналастырылуы қажет. Аталған типті орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда іргетас сәндік рәсімделуі қажет. Бетондық негіз түскен жағдайда ол қалпына келтірілуі қажет.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін құрайтын элементтер – іргетас, "тұғыры", тиісті эстетикалық түрде болуы қажет. "Тұғыры" таза болуы, қағаз - жарнама жеткізушілерінен тазартылған және боялған болуы қажет.

Жарнама конструкцияларын, жарнама объектілерін монтаждағаннан кейін (демонтаж) жарнама таратушы (баланс ұстаушы) 5 күннен аспайтын мерзімде аумақты немесе орналастыру объектісін абаттандыру қажет.

Жеке тұрған тұрақты объектілерде және сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде меншік иесі және оның телефон номері көрсетілген таңбалау болуы қажет. Таңбалау ақпараттық алаңның астына орналастырылуы қажет.

141. Жеке тұрған құрылымдар әдетте екі жақты нұсқада орындалады. Бір жақты дайындалған жеке тұрған конструкциялардың екінші жағы декоративті рәсімделуі қажет. Бекіту және қатайту конструкциялық элементтері (бұрандамалы біріктіру, тірек элементтері, технологиялық бекітпе) конструкцияның бүйір жақ беттері жабылып, сәндік рәсімделуі қажет.

142. Бір немесе одан да көп жағында ақпараттық хабарламасы (жарнама) жоқ стационарлық сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін тұрақты орналастыруға және пайдалануға жол берілмейді. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріндегі түсі кеткен, жыртылған ақпараттық жеткізушілер, сонымен қатар тақырыбы ескірген, соның ішінде әлеуметтік сипаттағы ақпараттық жеткізушілер ауыстырылуы қажет. Көрсетілген шаралар сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері иелерінің есебінен жүргізіледі.

143. Сыртқы (көрнекі) жарнама және ақпараттар объектілерінің конструкциялары жарық көзімен тәуліктің қараңғы уақытында жарнамалық - ақпараттық алаңды жарықтандыруды қарастыруы қажет. Жарықтандыру бойынша техникалық қиындық келтіретін немесе бастапқыда сәулет жобасында қарастырылмаған сыртқы жарнама (көрнекі) және ақпарат құралдары жарықтандыруды қарастырмауы мүмкін.

144. Сыртқы (көрнекі) жарнама стационарлық объектілерін және құралдарын немесе олардың жекелеген бөлігінің ернеу тасы жоқ жол жанынан, жол төсемінің жер жиегінен 2 метрден жақын орналасуына жол берілмейді.

145. Жарнама қондырғыларындағы бейнелерді (плакаттарды) көгал алаңдарға автокөлікпен кіріп ауыстыруға жол берілмейді.

146. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін, оның ішінде оларға жақын радиусы бес метр аумақты тазалауды сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері (баланс ұстаушы) жүргізу қажет.

147. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің инженерлік – техникалық шешімі объект бекітілетін үйлер мен ғимараттар элементтерінің тірек мүмкіндіктерін есепке алуы қажет және соның салдарынан олардың пайдалану сапасының жоғалуын жою қажет.

148. Жарықты жарнама қалалық кеңістікте автокөліктердің жүргізушілеріне және жүргіншілерге бағыт бойынша көмектесуі және жарық құрылымды міндеттерді шешуге қатысуы қажет. Орналасуы, габариттер, нысандары және элементтердің жарық түсті өлшемдері бойынша ақпарат есепті аралықтан анық көрінетін және нақты жарық ансамбліне үйлесімді енгізілген, қолданыстағы жол ережесіне қайшы келмейтін, тұрғындардың қалыптасқан тірлігін бұзбайтын болуы керек.

149. Шатыр конструкцияларын орнатуда электрмен қамтамасыз етілу желісінен апаттық тоқтату жүйесімен жабдықталуы қажет.

150. Сыртқы жарнаманың ұтқыр (тасымалдау) конструкциялары (шығарылатын қалқан, штендер) мекеме, ұйымдардың үй-жайларының кіре берісінен 5 метр шегінде жаяу жүргіншілер аумақтарында және жаяусоқпақтарда орналастырылады. Ұтқыр (тасымалдау) конструкцияларын жүргіншіні қабылдауға бағдарланған жолда орналастыруға рұқсат берілмейді. Ұтқыр (тасымалдау) конструкцияларында өзіндік жарықтандыру болмауы керек, бір жағының алаңы 0,6x0,9 метр.

151. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері жаяу жүргіншілердің өтуіне және көшелер мен жаяусоқпақтарды механикаланған тазалауға кедергі келтірмеуі қажет.

152. Сөрелер мен терезелерді рәсімдеу үйлер мен ғимараттардың эстетикалық түрін құртпауы, тауар өндірушілердің мекен-жайлары, тауарлар мен қызметтердің өткізу пункттері, байланыс телефондары, электрондық пошта, бағалар мен акциялар туралы ақпараттан тұруы қажет.

153. Маңдайша жазулар көлемді, аралық элементтер, қатты негіздегі қалқандар, ішкі және сыртқы жарықтандыруымен жарық қораптары (әріптер, эмблемалар, тауар белгілері, логотиптер) түрінде орындалады.

154. Жарықты жарнамаларды және маңдайша жазуларды қолданатын кәсіпорындар оларды күн сайын қараңғы түсе қосуы қажет және жанып кеткен жарық элементтерін уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуі қажет.

155. Жарықты жарнама немесе маңдайша жазудың жекелеген белгілері бұзылған жағдайда жарнама немесе маңдайшаны өшіріп тастау қажет.

156. Қандай да бір плакаттарды, хабарландыруларды және ақпараттық хабарламаларды ғимараттарға, дуалдарға, қалалық жолаушылар көлігін күту павильондарына, жарық тіректеріне, ағаштарға, осы мақсаттарға арнайы белгіленген жерлерден тыс орындарға жапсыруға және орналастыруға жол берілмейді.

157. Бір қабырғада саны екі бірліктен көп сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін (брендмауэрлер, баннерлер, тартпалар) тұрғын үйлерге орналастыруға жол берілмейді.

158. Құрылыс және бөлшек (көше) сауда (жазғы кафе, көрме, сауда алаңдарының қоршауы және басқада уақытша қоршаулар) объектілерін қоршау көркем рәсімделуі қажет. Көркем рәсімделу объект иесінің есебінен жүргізіледі.

159. Автокөлік жолдары мен елді мекендердегі бөлу жолағы шекарасында орнатылатын сыртқы жарнама, өзге де ақпараттық белгілер және көрсеткіштер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дайындалуы және орнатылуы қажет.

160. Тұрғын құрылыс аумақтары, қоғамдық аймақтар, гүлзарлар, көшелер, бақтар, демалыс алаңшалары шағын сәулет нысандарымен – күрке, көлеңкелі бастырма, гүлзарлар, сәкілер, қоқыс сауыттары, фонтандар, балалар ойынына, ересектердің демалысына арналған құрылғылар, газет стендтері, қоршаулар, телефон будкалары (бастырмалар), автокөлікті күту павильондарымен жабдықталады.

161. Шағын сәулет нысандары тұрақты немесе мобильді болуы мүмкін; олардың саны және орналастырылуы аумақтарды көріктендіру паспорттарымен анықталады.

162. Құрылыс салынатын учаске шегінде жаңа құрылыс кезінде шағын сәулет нысандарын дайындау және орналастыруды тапсырыс беруші бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырады.

163. Шағын сәулет нысандарының конструктивті шешімдері олардың тұрақтылығын, пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет.

164. Заңды және жеке тұлғалар - шағын сәулет нысандарының иелері және (немесе) пайдаланушылар өз есебінен оларды ауыстыру, жөндеу және бояуға міндетті.

165. Қала аумағында шағын сәулет нысандарын орнату және күтіп ұстау келесі талаптарды сақтаумен жүзеге асырылады:

1) сыртқы абаттандырудың барлық элементтері, соның ішінде ғимарат қасбеттерін өңдеу өртке қарсы қауіпсіздік нормалары мен бекітілген жобаға сәйкес атқарылуы қажет;

2) құрылыс иелері не (немесе) пайдаланушылар ғимараттың көше жаққа қараған қасбетін, айналасындағы алаңды және қоғамдық орындарды мерекелік безендіруді келісімсіз жүргізуге құқылы.

166. Ұтқыр және тік көгалдандыруды рәсімдеу үшін келесі құрылым түрлері қолданылады: трельяждар, шпалерлер, перголдар, гүлзарлар, вазондар.

167. Орындықтарды орнатуда жабынның қатты түрі немесе іргетас қарастырылуы қажет. Демалыс аймақтарында, орман-бақтарда, балаларға арналған алаңдарда "жұмсақ" жабын түріне орнатуға жол беріледі.

Іргетас болған жағдайда оның бөлігі жер бетіне шығып тұрмауы қажет. Үлкен жастағы адамның демалысына арналған орындықтың жабын деңгейінен отырғыш жазықтығына дейінгі биіктік шамамен 420 - 480 миллиметр болуы қажет. Демалысқа арналған орындықтың үстін суға төзімді өңдеудің түрлерімен (дұрысы – сіңіргіш қабілетімен) ағаштан жасау ұсынылады.

168. Қоғамдық, тұрғын, демалыс аумақтарында таксафондарды орналастыруда оларға электр жарықтандыруды қарастыру қажет. Таксафондарды орналастыру орнын телефон канализациясының және жарықтандыру үшін канал (құбыр) құрылғысының қосылу орынына жақын жобалау қажет. Сонымен қатар бір таксафонды (немесе әрбір қатардан біреуін) монетақабылдағыш қалқанының деңгейі жабын деңгейінен 1,3 метрді құратындай биіктікте орнату ұсынылады. Пошта жәшігінің қабылдау деңгейін жабын деңгейінен 1,3 метр биіктікте орналастыру ұсынылады.

12. Базарлардың аумағын күтіп ұстауға қойылатын талаптар

169. Базарды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өртке қарсы ережелер, сәулет, құрылыс, ветеринариялық, экологиялық талаптар сақталуы қажет.

170. Базардың санитарлық жағдайы санитарлық нормалар мен ережелерде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

13. Құрылыс және монтаж жұмыстарын жүргізу кезіндегі көріктендіру талаптары

171. Қазақстан Республикасының күші бар техникалық регламенттер, құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес құрылыстың барлық мерзімінде жүргізілетін жұмыстардың қоршаған ортаға, аумаққа және халыққа қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құрылыс алаңшасында еңбек қауіпсіздігін

қамтамасыз ету, құрылыс алаңшасына іргелес аумақта тәртіп сақтау бойынша қала және аудан әкімдерінің талаптарын орындауды қамтамасыз етуі қажет.

172. Жұмыстарды орындаушы бекітілген аумақтың құрылыс алаңы аумағын тазалауды қамтамасыз етуі қажет. Тұрмыстық және құрылыс қоқысы, сондай-ақ қар жергілікті атқарушы органдар бекіткен тәртіпте және мерзімдерде уақтылы шығарылуы тиіс.

173. Қоныстану аумақтарында құрылыс - монтаж жұмыстарын жүргізу кезінде қалдықтар мен қоқысты ғимараттар мен құрылыстардың қабаттарынан лақтыру жолымен тастауға жол берілмейді.

14. Автомобиль жолдарын және көлік инфрақұрылымы объектілерін абаттандыру және ұстау

174. Автомобиль жолдарын және көлік инфрақұрылымын абаттандыру және ұстау талаптары Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары туралы заңнамасы және техникалық регламенттерге сәйкес белгіленеді.

Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары орналасқан жерлер мемлекеттік меншікке жатады, бөлінбейді және жеке меншікке беруге жатпайды.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа, жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының жерлерінде соғылған кез-келген құрылыстар, осы жерлерді пайдаланудың белгіленген келісім тәртібін бұзып пайдалану, заңсыз деп танылады және өз еркімен соғуды жүзеге асырған тұлғамен немесе оның есебінен бұзуға жатады.

175. Аялдама павильондарының және аялдама кешендерінің иелері, осы ғимараттарды тиісті жағдайда, қажет болған жағдайда оларды қалпына келтіру бойынша шараларды қабылдаулары тиіс.

176. Жол жабындарының, жер төсемдерінің, көпірлердің, жол өтпелерінің, су бұрғыш құрылыстарының, автопавилиондардың, жол белгілерінің, жол жиектеріндегі көшеттердің, қорғау құрылыстарының және автомобиль жолдарының жайластыру элементтерінің бұзылуына тыйым салмаған автомобиль жолдарын пайдаланушылар, сонымен қатар автомобиль жолдарын пайдалану ережелерін бұзғандар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте болады.

15. Жолдарды күтіп ұстау

177. Нөсерлік кәріз жүйесі жоқ көшелердің жүру бөлігі сыпыру-тазалау машиналарымен тазартылуы қажет.

178. Жол төсемін жолдың жиегінде жиналатын қоқыстардың су ағынымен жасыл көшеттер жолағына немесе жаяусоқпаққа шықпайтындай етіп жуу керек.

16. Жолдарды қысқы тазалау

179. Көшелердің өтпе жолдары мен кіру жолдарын қыста жинау жұмыстары осы Қағидалар талаптарына, жұмыс технологияларын, техникалық құралдар мен тайғаққа қарсы қолданылатын қоспаларды анықтайтын регламенттерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

180. Қысқы тазалаудың бірінші кезектегі операцияларына:

- 1) жолдардың жүру бөлігін тайғаққа қарсы материалдармен өңдеу;
- 2) қарды күреу және сыпыру;
- 3) қар үйіндісін тасып шығару үшін жинастыру;
- 4) жол тораптарын, қалалық жолаушылар тасымалдайтын көлік аялдамаларын, әкімдік және қоғамдық ғимараттардың кірме жолдарын, аулалардан шығатын жолдарды қар үйіндісінен тазарту жұмыстары жатады.

181. Екінші кезектегі операцияға:

- 1) қарды шығару (тасу);
- 2) қар шығарылғаннан кейін жол жиегін тазарту;
- 3) мұзды уату және қар-мұздан құралған үйіндіні шығару.

17. Жолдарды жазғы тазалау

182. Жолдың жүру бөлігі барлық ластану түрлерінен толық тазалануы және жуылуы тиіс.

Реттеуші сызық болып табылатын осьтік, резервтік жолақтар құмнан және әртүрлі ұсақ қоқыстан тұрақты тазаланып тұруы тиіс.

183. Жол жиегіндегі аймақ және ернеуі, сондай-ақ жаяусоқпақтар және жолаушылар көлігі аялдамаларының отырғызу алаңы, трамвай жолдары топырақ-құмды қоқымдардан және әртүрлі қоқыстардан толық тазалануы және жуылуы тиіс.

184. Жолдың жағасы қоқыстардан таза болуы тиіс.

185. Темірбетоннан құралған бөлу жолақтарының үсті құмнан, батпақтан және ұсақ қоқыстардан тұрақты тазаланып тұруы тиіс.

186. Жолдың жүру бөлігін жуған кезде лайлы суды және қоқысты жаяусоқпақтарға, көгалдарға, қалалық жолаушылар тасымалдайтын көлік аялдамаларының павильондарына, көлікке отырғызатын алаңдарына, жақын жерде орналасқан ғимараттардың, сауда нысандарының қасбеттеріне орындарға шашыратуға жол берілмейді.

18. Бөлінген алаптарға іргелес аумақтар

187. Аумақтары автомобиль жолдарына жанасатын жер учаскелерінің иелері және (немесе) пайдаланушылары және жер пайдаланушылар:

- 1) ортақ пайдаланудағы жолдарға жанасатын жолдар және өтпе жолдар құрылысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес асыруға;
- 2) ортақ пайдаланудағы жолдарға жанасу жерлерін және оларға кіреберістерді техникалық дұрыс және сәйкес санитарлық жағдайда ұстау, қоқыс, ластық және қардан тазалауға;
- 3) қозғалыс қауіпсіздігін нашарлататын және көруді қиындататын жол маңындағы жолақта материалдар мен құрылымдарды жинауға жол бермеуге тиіс.

19. Жер асты және жер үсті коммуникацияларын көріктендіру және күтіп ұстау

188. Су желілерінің қоқыспен бітеліп қалуын болдырмау үшін су ағатын коллекторларға, жауын қабылдайтын құдықтарға және арық жүйесіне сыпырындыны және тұрмыстық қоқыстарды тастауға жол берілмейді.

189. Су желілерінің нөсер суларын қабылдайтын және байқау құдықтарына профилактикалық тексеруді және оларды жинауды бекітілген кесте бойынша, бірақ айына бір реттен кем емес мөлшерде мамандандырылған кәсіпорындар немесе балансында осы құрылғылар болатын басқа да ұйымдар жүргізеді.

190. Нөсер суларын қабылдайтын құдықтардың торлары үнемі жұмысқа жарамды жағдайда болуы керек. Торлардың және құдықтардың өткізу қабілетін шектейтін бітелуге, лайлануға жол берілмейді, сондай-ақ, құдықтар мен коллекторларды уақытылы тазалауды жүргізеді.

191. Жер асты инженерлік коммуникацияларының иелері және (немесе) пайдаланушылары:

- 1) жер асты коммуникацияларын күтіп ұстауға және жөндеуге жауапты болады;
- 2) жолдардың төсемдерімен, жаяусоқпақтармен, көгал алаңдармен және құдықтардың люктарымен бір деңгейде, қалыпты жағдайда ұстауды, сонымен қатар коммуникациялардың қанағаттанарлықсыз жағдайынан пайда болған жолдардың бұзылған шегінде төсемдерін қалпына келтіріп жөндеуді қамтамасыз етеді (өз қаржыларымен немесе мамандарылған мекемелермен келісім шартқа отыру негізінде);
- 3) құдықтардың люктарын бар болуын және қалыпты жағдайда болуын бақылау және оларды уақытында ауыстыруға және болмаған немесе жоғалған кезде (тәулік ішінде) қалпына келтіреді;
- 4) коммуникацияның жұмысын реттеумен байланысты апатты жоюды тәулік ішінде қамтамасыз етеді (қар үйінділері, мұз, лай, сұйықтықтар).

192. Жер үсті инженерлік құрылғыларының иелері және (немесе) пайдаланушылары инженерлік желілердің қорғалатын аймағының шекарасындағы іргелес аумақтың санитарлық жағдайына жауапты болады.

20. Қағидалар бұзғаны үшін жауапкершілік

193. Осы Қағидаларды бұзған жеке және заңды тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексімен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

Ескерту. 93-тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 25.06.2015 № 38-15 шешімімен (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жамбыл облысының
қалалар мен елді мекендерінің
аумақтарын абаттандыру Қағидаларына
1-қосымша

Абаттандыру ПАСПОРТЫ

(жеке немесе заңды тұлғаның атауы)

(орналасқан мекенжайы)

(заңды мекенжайы, телефон)

Қала/аудан

1. Басшының аты - жөні

(С Т Н)

2. ҚТҚ шығаруға келісім-шарт (нөмірі, датасы)

3. Бөлінген және бекітілген аумақтардағы қатты жабынның ауданы, шаршы метр

4. Бөлінген және бекітілген аумақтардағы көгал алаңдардың ауданы, шаршы м е т р

5. Бөлінген және бекітілген аумақтардағы ағаштар, бұталар саны, (дана)

6. Бөлінген аумақтардағы кіші сәулеттік формалардың болуы, (дана)

7. Аула тазалаушылардың болуы (адам саны) немесе аумақты тазалауға арнайы ұйымдармен жасасқан келісім-шарт № _____

Осы паспортта көрсетілген деректер өзгерген жағдайда заңды тұлғаның басшысы, (жеке тұлға) _____ кент (ауылдық округ) әкімінің аппаратын хабардар етіп, аумақты тазалау және күтіп ұстау бойынша жаңартылған көріктендіру _____ паспортын _____ алады.

М.О. _____ Т.А.Ә.

(заңды тұлға басшысының, жеке тұлғаның қолы)

" ____ " _____ 20 ____ жылы берілді

Әкім _____ (қала/аудан) _____ Т.А.Ә.

М . О . _____ (қ о л ы)

бекітілген аумақтың СЫЗБАСЫ

Жамбыл облысының
қалалар мен елді мекендерінің
аумақтарын абаттандыру Қағидаларына
2-қосымша

_____ (мемлекеттік органның атауы)

_____ мекенжайы _____

телефон _____

Өтініш

М а ғ а н

_____ (ж ұ м ы с с и п а т ы)

_____ мекенжайы

б о й ы н ш а

Автокөлік қозғалысын жаба отырып (жабусыз)

(Қажеттілерін сызу қажет, егер жабық болса мекенжайды көрсетіңіз)

_____ мекенжайы

бойынша жер қазу (құрылыс, жөндеу) жұмыстарын жүргізуге ордер беруіңізді с ұ р а й м ы н .

П а с п о р т (ж е к е к у ә л і к)

№ _____

_____ берілді

Салық төлеушінің _____ ҚОЛЫ _____
Қ О Л Ы
Тіркелу нөмірі _____ Күні " ____ " _____ 20 ____ ж.

Жамбыл облысының
қалалар мен елді мекендерінің
аумақтарын абаттандыру Қағидаларына
3-қосымша

**Жер қазу (құрылыс, жөндеу) жұмыстарын жүргізуге
ордерді беруге арналған
ШАРТ**

№ _____ " ____ " _____ 20 ____ ж.
" _____ " әрі қарай Ереже негізінде әрекет ететін
және "Қызмет көрсетуші" деп аталатын жақ, бір тараптан:

— (ұйым атауы, А.Ә.Т. жеке тұлғаның паспорттық мәліметтері)
алдағы уақытта "Тапсырыс беруші", _____ тарапынан
_____, _____ негізінде әрекет ететін,
екінші жақ, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1.Шарттың мәні

1.1. Қызмет көрсетуші осы шарттың 1.2 тармақтарында көрсетілген жер қазу
(құрылыс, жөндеу) жұмыстарын жүргізуге арналған ордерді беруді міндетіне
а л а д ы .

1.2.Тапсырыс беруші келесі жұмыстарды орындауды міндетіне алады: _____
_____ алда "Жұмыс" деп аталатын _____

— _____ көлік қозғалысын біртіндеп жабуды.

1.3. Жұмыстарды орындау орны: _____

4. Аталған жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушіге жер қазу (құрылыс
, жөндеу) жұмыстарын жүргізуге арналған ордерін беруге қажетті барлық
құжаттарды тапсыруға міндетті.

1.5. Тапсырыс беруші осы шарттың 1.2. тармақтарында көрсетілген
жұмыстарды 20 ____ жылдың " ____ " _____ нен 20 ____ жылдың " ____ " _____
_____ дейінгі мерзімде, асфальтбетонды жабындыны қалпына келтіру мен
аумақтарды көріктендіру бойынша жұмыстарды 20 ____ жылдың " ____ " _____
_____ нен 20 ____ жылдың " ____ " _____ дейінгі мерзімде жүргізуді міндетіне

алады.

1.6. Қызмет көрсетудің кепілдік мерзімі шартқа қол қойған күннен бастап 2 жыл.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. "Қызмет көрсетушінің" құқығы мен міндеттері:

2.1.1. Тапсырыс берушіге жер қазу (құрылыс, жөндеу) жұмыстарын жүргізуге арналған ордерді Тапсырыс берушінің сәйкес құжаттарды тапсырғаннан кейін осы шартқа қол қойған күннен бастап _____ күн ішінде береді.

2.1.2. Қызмет көрсетуші СН және Е мен жобалық құжаттардан анықталған ауытқулар орын алған жағдайда жазбаша ұйғарымды беруге құқылы;

2.1.3. Бұзылған көріктендірулерді қалпына келтіру бойынша орындалатын жұмыстардың сапасы мен орындалу технологиясын сақтай отырып, 1.5. тармаққа сәйкес орындалу мерзіміне бақылауды жүргізеді.

2.2. "Тапсырыс берушінің" құқығы мен міндеттері:

2.2.1. Тапсырыс беруші "Жер асты-жер үсті қондырғыларын салу, ауыстыру, күрделі құрылысы бойынша жұмыстарды жүргізу Ережесі" СН және Е мен осы шартта көрсетілген мерзімді сақтай отырып, сапалы жұмысты орындауға міндетті.

2.2.2. Осы шартпен қарастырылмаған тиісті емес жұмыстарды орындауда Қызмет көрсетушінің алдында жауапты емес. Қызмет көрсетуші осы шарттың талаптарына жауап бермейтін жұмыстарды қабылдамайды.

2.2.3. Қызмет көрсетуші қосалқы мердігермен шарт жасау шаралары бойынша шарт жасасқаны туралы ақпараттандырады. Ақпаратта шарттың мәні, қосалқы мердігердің атауы мен мекенжайы көрсетілуі тиіс.

2.2.4. Олардың қызмет үйлесімдігіне қосалқы мердігермен тартылған шарт бойынша жұмыстарды орындауға қатысты Қызмет көрсетуші алдында жауапты болады.

2.2.5. Жұмыстарды 20__ жылдың "____" _____ мерзімінен кешіктірмей жұмыстарды аяқтауға;

2.2.6. Жұмыстағы кемшіліктер мен ақауларды Қызмет көрсетушінің талабы бойынша тегін жоюға;

2.2.7. Қызмет көрсетушінің қатысуымен қазған жерлерді қайтадан жабуға;

2.2.8. Қыс мезгілі кезінде қазылған жерді 30-35 сантиметр жіпсік құммен жабуды, өтпелі бөлігіндегі жарықтың жоғарғы қабатын таптап, тас төсеу қажет;

2.2.9. осы шарттың 1.5.тармағында көрсетілген мерзімде ордерді бергенге дейін жолдың, жаяусоқпақтың, аулаларды уақытында қалпына келтіріп, жерді құнарландыру қажет;

2.2.10.. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі үш күнтізбелік күн ішінде жолдың, тратуардың, ауланың бұзылған жабындыларын толық қалпына келтіргеннен кейін және жерді құнарландырған соң ордерді "Қызмет көрсетушінің" техникалық қадағалау бөліміне тапсыруы тиіс

2.2.11. Кепілдік мерзім ішінде 10 күнтізбелік күн шамасында өз қаражаты есебінен асфальтбетонды жабындылар мен басқа да көріктендіру элементтерін қалпына келтіре отырып, учаскеде орын алған ақауларды жою қажет.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

4. Дауларды шешу тәртібі

4.1. Тараптар арасындағы даулар өзара сөйлесулер арқылы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешілуі тиіс .

5. Ерекше шарттар

5.1. Осы шарт заңды күшіне тараптар қол қойған соң енеді.

5.2. Осы шарт Тараптардың әрқайсына біркелкі тең заңды күші бар 2 (екі) данада жасалған.

5.3. Осы шарт 20__жылдың "____" _____ нан 20__жылдың "____" _____ дейін жарамды, аталған мерзім осы шарттың 1.6 тармағында белгіленген кепілді мерзімге жатпайды.

ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

"Қызмет көрсетуші"	"Тапсырыс беруші"
СТН _____	СТН _____
Мекенжайы _____	Мекенжайы _____
Есеп шоты _____	Есеп шоты _____
Телефон _____	Телефон _____

Жамбыл облысының
қалалар мен елді мекендерінің
аумақтарын абаттандыру Қағидаларына
4-қосымша

(мемлекеттік мекеменің атауы)
№ _____ о р д е р

Тапсырыс беруші _____

(ұ й ы м , ла у а з ы м ы)

_____ жұмыстар жүргізуге рұқсат беріледі

(ж ұ м ы с с и п а т ы)

Мекенжайы бойынша _____

Жұмыстың басталуы мен аяқталуы 20 ____ жылдың " ____ " _____ нен 20
____ жылдың " ____ " _____ дейін.

Ескертулер _____

Жұмыс осы ордерде көрсетілген мерзімде басталып, аяқталуы тиіс.

Жұмыстарды келесі шарттарды орындай отырып жүргізу қажет:

1. Қопарылған жерді бекітілген үлгідегі қалқанды шарбақпен қоршау керек. Қоршау бұрыштарына қызыл шамды дабылдық фонар орнатып, түнгі уақытта жұмыс орнын жарықтандару қажет. Қалқанды шарбаққа ұйымның атауын жазу (әріптер мен сандарды – 16 сантиметрлік көлемде, жол белгілерін орнату) қажет. Барлық материалдар мен топырақты қоршалған учаске шегінде ғана сеуіп, қайта себуге жарамсыз топырақты жұмыс барысында уақытша сақтау полигондарына шығарып тастау қажет.

2. Жер асты қондырғыларының құдықтарына тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін оларды топырақпен толтыруға немесе құрылыс қоқыстары мен материалдарын тастауға жол берілмейді.

3. Траншеялар мен шұңқырлардың қабырғалары құламауы үшін шұңқырлардың терең түбіне еңістелген құлама бекітілуі тиіс.

4. Барлық түрдегі қазулар барысында қолданыстағы жер асты қондырғыларының зақымдануының алдын алу үшін жұмыс басталмас бұрын мүдделі ұйымдардың өкілдері (жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электр мен телефон желісі, жол полициясы бойынша) келісу үшін шақыртылуы тиіс.

5. Жер қазу жұмыстарын орындау барысында механизмдермен жұмыстың жүргізілуіне жауапты тұлғалар машинистке механизаторлық әдіспен жұмыстың жүргізілу сызбасы жерінің механизмімен тапсыруға және сақталуы қамтамасыз етілетін қолданыстағы жер асты қондырғыларының орналасуы мен жұмыс орнын көрсетуге міндетті.

6. Ашу жұмыстарын жүргізу барысындағы барлық жағдайда көлік пен жолаушылар жолындағы қозғалыстың, үй тұрғындарының жүрісі мен тұрғын үйге келушілердің қалыпты жағдайы сақталуы тиіс. Траншея арқылы шарбақты жаяу жүруші кішкене көпірі салынуы тиіс.

7. Траншея пен шұңқырларға себудің жетілдірілген жабындысы 20 сантиметрлік жабындыдағы құммен қатталған қабатта және жазғы уақытта су құйып, ал қыс мезгілінде – қатталған ұсақ құммен себіліп жүргізілуі тиіс.

8. Траншеяларды толтыру құмды сепкенге дейін телефонхат арқылы шақыртылып, жол қозғалысы ұйымының өкілінің техникалық қадағалануында жасалуы қажет. Төгу сапасы туралы әрбір қалыңдықтың нақты коэффициентін көрсете отырып, технологиялық қолдау көрсету жолымен зертхана қорытындысы арқылы жұмысты жабу актісі құрылады.

9. Траншеялар мен жеке шұңқырларға төгу кезінде жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін жолдарда асфальтті немесе асфальбетон астындағы қатты негізді қалпына келтіргенге дейін қоршауларды алуға жол берілмейді.

10. Материалдар мен артық топырақты жинау жыртылған жердегі төгулер аяқталысымен 24 сағат ішінде құрылыс ұйымымен жүргізілуі тиіс. Мен, _____

_____ Жоғарыда аталған шарттар мен жұмыстарды ордерде көрсетілген мерзімде орындауды міндетіме аламын және аталған нысан толығымен қажетті жол белгілері, құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілгенін растаймын.

Осы ордер бойынша міндеттерді орындамаған жағдайда әкімшілік тәртіпте жауапкершілікті артамын.

20 ____ жылғы " ____ " _____

_____ Тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, тапсырыс берушінің қолы, мөрі.

20 ____ жылғы " ____ " _____

Өкілетті орган лауазымды тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты,
қолы.

Өкілетті органның мөрі (штамп).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК